

ҚАЗАҚСТАН

ТӘУЕЛСІЗДІККЕ



25 ЖЫЛ



**16 желтоқсан-  
Қазақстан тәуелсіздігін  
жариялаған күн.**



Қазақ Елі Тәуелсіздігінің 25 жылдық мерейтойы 2016 жылдың 16 желтоқсанында - Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдық мерейтойы. Бұл мемлекетіміз бен халқымыз үшін ең басты әрі құнды мереке болмақ. Тәуелсіз еліміз ширек ғасырға жуық уақыт ішінде қаржы дағдарыстарының қиындықтарына қарсы тұра білді, тұрақты даму жолына түсіп, биік белестерді бағындырды, толағай жетістіктерге қол жеткізді, әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына енді. Мемлекет басшысының елді дамытудағы стратегиялық бағдарламалары мерзімінен бұрын жүзеге асып келеді. Осы кезең ішінде не тындырдық? 25 жылда жеткен жетістіктеріміз қандай? Биыл осы сұрақтарға жауап беретін, өткен жылдарға қорытынды жасап, Мәңгілік Ел болуға бекінген мемлекетіміздің бүгінгі мен келешегі туралы ой толғайтын еліміздің есепті жылы десек, қателеспейміз.

# *Он алтыншы желтоқсан*

Он алтыншы желтоқсан-  
Тәуелсіздік алған күн.

Ерекше боп мәңгілік

Ел жадында қалған күн.

## Сабақтың тақырыбы: Тәуелсіздікке 25 жыл

Жалпы және жалқы зат есімдер

Сабақтың мақсаты: Білімділік:

Тәуелсіздік туралы түсінік беру. Тақырып бойынша өтетін сөздерді, сөз тіркестерін сөйлемде дұрыс қолдана білуге үйрету. Жалпы және жалқы зат есімдерді меңгерту.

Тәрбиелік:

Отаның туған жерін сүюге тәрбиелеу, тәуелсіз еліне деген мақтаныш сезімдерін оятып, сүйіспеншілікке баулу.

Дамыту шылық:

Оқушылардың сөздік қорын молайтып, байланыстыра сөйлеу, логикалық ойлау қабілеттерін, мәтінмен жұмыс істеу дағдыларын дамыту, өз ойын анық, толық жеткізе білуге үйрету.

Сабақтың көрнекілігі: техникалық құралдар: интерактивті тақта, ноутбук

тестілеуші құрал, Астана қаласы туралы оқушылардың тапсырмалары

Сабақтың түрі: Интерактивті

Сабақтың әдісі: презентация, түсіндіру, талдау, топтық, жеке жұмыстар, суретпен жұмыс, сұрақ-жауап, тест.

Пән аралық байланыс: қазақ әдебиеті, орыс тілі, тарих

## Сабақтың барысы:

### I. Үйымдастыру кезеңі.

#### I. Сұрақ-жауап.

-Сыныпта кім кезекші?

-Сыныпта кім жоқ?

-Қазір жылдың қай мезгілі?

-Қазір қай ай?

-Бүгін желтоқсанның нешесі?

«Қазақстан - біздің ата-бабаларымыздың мың жылдықтар шебінде пайда болып, күшті, тәуелсіз мемлекетке айналған мекені.

Біздің Отанымыз - біздің мақтанышымыз» дегендей Отанымызды мақтаныш ете отырып сабағымызды Қазақстан Республикасының Әнұранын орындаудан бастасақ.

Әнұранды орындау.

### II. Үй тапсырмасын тексеру.

Сынып екі топқа бөлініп

1. «Елордамыз - Астана» туралы әңгімелеу. /оқушылардың тапсырмалары/  
Сынып, топқа бөлініп Астана туралы дайындап келген материалдары бойынша жауап береді

1 топ - «Астана қаласының тарихы» «Астана қаласының елтаңбасы»

2 топ- «Қазіргі Астана» . «Астана» өлеңін жатқа айту.

Зат есімнің ережесін айту, мысалдар келтіру.

Оқушылардың орындаған тапсырмаларын бағалау «Бағалау парағында» белгіленіп, сабақтың соңында қорытындысы шығарылады.

## III. Жаңа тақырыпқа кіріспе.

Сұрақ жауап.

- Біз қай Республикада тұрамыз?

- Қазақстан Республикасының астанасы қай қала?

- Қазақстан Республикасының елбасы кім?

- Қазақстан Республикасының рәміздері қандай?

- Қазақстан қандай мемлекет?

- Ал, тәуелсіздік дегеніміз не?

- Қазақстан Республикасы тәуелсіздік күнін қашан мерекелейді?



1991

2016

25

**Қазақстан Республикасының  
Тәуелсіздігіне 25 жыл!**



1991 жылы 1 желтоқсанда тұңғыш президентіміз Н.Ә.Назарбаев сайланды.

1 декабря 1991 года был избран первый президент Н.А.Назарбаев.

# 1992 жылы Қазақстан Республикасының әнұраны, елтаңбасы, туы қабылданды



## Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны


Әні: Ш. Қайырғалиев  
Сөзі: Ж. Нәжімовден, Н. Назарбаев

Алтын күн аспаны,  
Алтын дөң даласы,  
Ерліктің дастины,  
Еліме қаршы!  
Ежелден ер деген,  
Дандымыз шықты ғой.  
Намысың бермеген,  
Қазағым мықты ғой!

Қайырғалис:  
Менің елім, менің елім,  
Гүлің болып егілемін,  
Жырың болып төсілемін, елім!  
Туған жерім менің - Қазақстаным!

Ұрпаққа жол ашқан,  
Кең байтақ жерім бар.  
Бірлігі жарасқан,  
Тәуелсіз елім бар.  
Қарсы алған уақытты,  
Мәңгілік досыңдай.  
Бідің ел бақытты,  
Бідің ел осындай!

Қайырғалис:  
Менің елім, менің елім,  
Гүлің болып егілемін,  
Жырың болып төсілемін, елім!  
Туған жерім менің - Қазақстаным!



## VI. Қорытындылау.

Тест. Оқушылар ойлау арқылы тест жауабын табу

1. Жалпы зат есімдерді табыңдар.

А/ Астана, Ертіс

В/ қала, өзен

С/бару, келу

2. Қазақстан Республикасы тәуелсіздікті қашан алды?

А/ 1991 жыл 21 желтоқсан

В/ 1991 жыл 16 желтоқсан

С/ 1992 жыл 4 маусым

3. День независимости сөзінің аудармасын табыңдар.

А/ бүкілхалықтық мереке

В/ Республика күні

С/ тәуелсіздік күні

4. Кім? сұрағына жауап беретін сөздер табыңдар. А/ адам, ұстаз

В/ мысық, торғай

С/ қалам, дүкен

5. Астана қаласының ортасынан қандай өзен ағып өтеді? А/ Ертіс

В/ Есіл

С/ Нұра

VII. Үйге тапсырма беру.

«Тәуелсіздік күні» тақырыбына «ЭССЕ» жазу

IX Бағалау.